

«БЕКІТЕМІН»

Т.Жүргенов атындағы жалпы  
білім беретін орта мектебінің  
директоры:

Л.Х. Еспанова

« 06 » 2023жыл



«КЕЛІСЕМІН»

Мектеп директорының  
тәрбие ісі жөніндегі орынбасары

Н.Б. Құдайбергенов

« 06 » 09 2023жыл

Біртұтас тәрбие бағдарламасы бойынша  
2023-2024 оқу жылына арналған « 5 » Ә класының тәрбие жоспары

2023-2024ж

## КЕШЕНДІ ЖОСПАРДЫҢ НҮСҚАУЛЫҒЫ

Өскелең жас ұрпақты рухани-адамгершілік қасиетке баулу, тәрбиелеу – барлық кезеңде өзекті. Біздің келешегіміз - жас ұрпақ, ал ұрпақ тәрбиесі адамзаттың мәңгілік тақырыбы. Ел ертеңі болар бүгінгі балалар мен жасөспірімдерді тәрбиелеу, әлеуметтік тұрғыдан барынша қамтамасыз ету, толыққанды білім алуына жағдай жасау, олардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау Қазақ елінің ұлттық саясатының басты бағыттарының бірі.

Тәрбие мен оқыту өзара тығыз байланысты, бір бірінен бөліп алуға болмайтын біртұтас процесс. Білім беру ұйымдарындағы тәрбие пән мазмұны, сынып сағаттарының және мектептен, сыныптан тыс қосымша білім беру мазмұныарқылы жүзеге асады.

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы қасиетті Түркістан қаласы, Түркі елінің шаңырағында өткізілген «Әділетті Қазақстан - Адал азамат» атты II Ұлттық құрылтайда сөйлеген сөзінде: «Адал азаматқатән қасиеттер әрбір жастың бойынан табылуы керек, ұрпақтың бойында жаман әдет болса, бұл үлкендердің кінәсі»- дей келе, Әділетті Қазақстанды құру үшін: бүкіл қоғам болып жұмылу керектігін:

- ең бастысы, әр азаматтың сана-сезімі жаңғыруы қажеттігін;
- халқымыздың дүниетанымы және өмірлік ұстанымдары өзгеруге тиіс екендігін;
- әйтпесе, басқа реформаның бәрі бекер болатындығын нақты атап өтті.

**«Біртұтас тәрбие бағдарламасы»** – ұлттық, адами құндылықтарға негізделген. Бұл құжатта білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысын толыққанды жүзеге асыру үшін білім алушылардың бойында қалыптастырылуы тиіс құндылықтар мен тәрбиенің мақсаты, міндеттері айқындалады. Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, әлемдік озық білімді игерген саналы азаматты тәрбиелеу мақсаты көзделеді.

### **«Біртұтас тәрбие бағдарламасының» мақсаты:**

Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген еңбекқор, адал, саналы, жасампаз азаматты тәрбиелеу.

### **Міндеттері:**

- 1.Ата-ананың өсиетін тыңдауға, отбасы татулығы мен берекесін қадірлеуге, перзенттік парызын өтеуге тәрбиелеу.
- 2.Ұлттық мұраны қастерлеуге, қазақ тілін, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, татулық, келісім, ынтымақ және ел бірлігін сақтауға, отаншылдық пен мемлекетшілдікке тәрбиелеу.
- 3.Жақсылыққа, игілікке бой түзеуге, абыройлы болуға, ар-ұждан, намыс, жауапкершілік, мейірімділік, қамқорлық пен әділдік қасиеттерін жоғары ұстауға баулу және құқықтық мәдениетін қалыптастыру.
- 4.Денсаулықты қадірлеуге, салауатты өмір салтын ұстануға, ойдың тазалығын және эмоционалды тұрақтылыққа баулу.
- 5.Табиғатқа, табиғи мұраға ұқыптылықпен қарауға және табиғи ресурстарды үнемді әрі тиімді қолдануға тәрбиелеу және еңбекқорлыққа баулу.

## ҚЫРКҮЙЕК – БІЛІМ АЙЫ

- 1 қыркүйек-Білім күні, сынып сағаттары
- 5 қыркүйек- А.Байтұрсынұлының туған күніне арналған «Тіл тазалығы» тақырыбындағы шаралар
- Шығыс мұсылмандарының рухани тәлімгері және діни жетекшісі, ақын, ойшыл, ғұлама Қожа Ахмет Ясауидің туғанына 930 жыл
- Қазақ әдебиетінің XX ғасырдағы жарық жұлдыздарының бірі, жазушы, драматург жазушы Оралхан Бөкейдің туғанына 80 жыл

### Құндылықтар: Талап, Ар-Ұят, Ұлттық мүдде (Отан)

№	Іс-шараның атауы	Мақсатты аудитория (сыныптар)	Ұйымдастыру түрі	Аяқтау нысаны	Білім беру ұйымдарымен бірлесіп жұмыс жасайтын	Мерзімі
1	1 қыркүйек - білім күні «Мектеп – мейірім мекені»	5 сынып	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары		01.09.2023ж
2	«Жол ережесін білемізбе?» (Жол жүру ережелері)	5 сынып	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары	ҚР Ішкі істер министрлігі, жол полициясы	4.09.2023ж
3	«Ұлттық құндылық тәрбие көзі»	5 сынып	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары		11.09.2023ж
4	«Өз құқығыңды білесің бе?»	5 сынып	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары		18.09.2023ж
5	«Еңбекқорлық және оның табысқа әсері»	5 сынып	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары		25.09.2023ж

## ҚАЗАН – АЛАШ АЗАМАТТАРЫН ҰЛЫҚТАУ АЙЫ

- 1 қазан - Қарттар күні
- 5 қазан – Мұғалімдер күні
- 25 қазан – Республика күні
- Қазақ жазушысы, қоғам қайраткері, Қазақстанның еңбек сіңірген мұғалімі Спандияр Көбеевтің туғанына 145 жыл
- Алаш жұртының әйгілі перзенті, көрнекті қазақ ақындарының бірі, фольклоршы, ғұлама ғалым Мәшһүр – Жүсіп Көпеевтің туғанына 165 жыл
- Ақын, жазушы, философ, тарихшы, композитор Шәкәрім Құдайбердіұлының туғанына 165 жыл
- Қазақтың көрнекті жазушысы, драматург, публицист, қазақ әдебиетін қалыптастырушылардың бірі Жүсіпбек Аймауытовтың туғанына 135 жыл
- Алаш қозғалысының қайраткері, ақын, қазақ әдебиетінің жарық жұлдызы Мағжан Жұмабаевтың туғанына 130жыл
- Қазақ халқының XX ғасыр басындағы аса көрнекті ақын-жазушысы, ақыл-ойшысы, демократ ақыны Торайғыровтың туғанына 130 жыл
- Ақын, жазушы, көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Сәкен Сейфуллиннің туғанына 130 жыл

### Құндылықтар: Талап, Ар-Ұят, Ұлттық мүдде (Отан)

№	Іс-шараның атауы	Мақсатты аудитория (сыныптар)	Ұйымдастыру түрі	Аяқтау нысаны	Білім беру ұйымдарымен бірлесіп жұмыс жасайтын	Мерзімі
6	1 қазан - Қарттар күніне орай «Қазыналы қарттарымыз аман жүрсін!»	5 сынып	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары		2.10.2023ж
7	«Ұстаз! Сіздің алдыңызда .....»	5 сынып	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары	Оқуға құштар мектеп	9.10.2023ж
8	Адалдық сағаты. «Жемқорлықпен күресу-басты міндетіміз»	5 сынып	Дөңгелек үстел	Сынып сағатының жоспары		16.10.2023ж
9	«Денсаулық және дұрыс тамақтану» «Сүйкімді қыз бен сиқыршы шал» кітап	5 сынып	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары	Кітапхана қызметкерлері	23.10.2023ж

## ҚАРАША – ПОЭЗИЯ АЙЫ

- 15 қараша - Ұлттық валюта күні
- Күзгі демалыс

### Құндылықтар: Талап, Ар-Ұят, Ұлттық мүдде (Отан)

№	Іс-шараның атауы	Мақсатты аудитория (сыныптар)	Ұйымдастыру түрі	Аяқтау нысаны	Білім беру ұйымдарымен бірлесіп жұмыс жасайтын	Мерзімі
10	«Өрт тілсіз жау»	5 сынып	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары		6.11.2023ж
11	«Құқықтық мәдениет және оның маңызы»	5 сынып	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары	Құқық қорғау қызметкерлері	13.11.2023ж
12	«Зорлық зомбылықсыз балалық шақ»	5 сынып	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары	Мектеп психологы	20.11.2023ж
13	«Бір отбасы бір кітап»)	5 сынып	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары		27.11.2023ж

**ЖЕЛТОҚСАН – «ҚАЗАҚСТАН - ҰЛЫ ДАЛА ЕЛІ»**

➤ 16 -17 желтоқсан-Тәуелсіздіктің 32 жылдығы

**Құндылықтар: Талап, Ар-Ұят, Ұлттық мүдде (Отан)**

№	Іс-шараның атауы	Мақсатты аудитория (сыныптар)	Ұйымдастыру түрі	Аяқтау нысаны	Білім беру ұйымдарымен бірлесіп жұмыс жасайтын	мерзімі
14	«Сыбайлас жемқорлықсыз әлем»	5 сынып	Тәрбие сағаты	Тәрбие сағатының жоспары		4.12.2023ж
15-16	«Буллингке және Кибербуллингке жол жоқ» «Имандылық жарасады ұл қызға»	5 сынып	Тәрбие сағаты	Сынып сағатының жоспары	<i>ата-аналар</i>	11.12.2023ж (18.12.2023ж)
17	«Ұлттық тәрбие дегеніміз не?» Көксерек. Мұхтар Әуезов кітап	5 сынып	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары		25.12.2023ж

**ҚАҢТАР – «ҰЛТТЫҚ КОД» айы**

➤ *Қысқы демалыс*

**Құндылықтар: Талап, Ар-Ұят, Ұлттық мүдде (Отан)**

№	Іс-шараның атауы	Мақсатты аудитория (сыныптар)	Ұйымдастыру түрі	Аяқтау нысаны	Білім беру ұйымдарымен бірлесіп жұмыс жасайтын	Мерзімі
18	«Тәрбие басы-тал бесік»	5 сынып	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары	Оқуға құштар мектеп	8.01.2024ж
19	«Алдымен сүй ардақты ата анаңды»	5 сынып	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары		15.01.2024ж
20	«Қыз намысы ұлт намысы»	5 сынып	Ата -аналар жиналысы	Сынып сағатының жоспары		22.01.2024ж
21	«Мемлекеттік рәміздер – ұлттық мақтаныш»	5 сынып	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары		29.01.2024ж

**АҚПАН – ОҚУҒА ҚҰШТАРЛЫҚ АЙ**

**Құндылықтар: Талап, Ар-Ұят, Ұлттық мүдде (Отан)**

№	Іс-шараның атауы	Мақсатты аудитория (сыныптар)	Ұйымдастыру түрі	Аяқтау нысаны	Білім беру ұйымдарымен бірлесіп жұмыс жасайтын	Мерзімі
22	«Цифрлық сауаттылық заман талабы»	5 сынып	Сыныптан тыс іс-шара	Сынып сағатының жоспары		5.02.2024ж
23	«Терең білім, еңбекқорлық және отаншылдық қасиет»	5 сынып	Сыныпсағаты	Сынып сағатының жоспары		12.02.2024ж
24	«Әке жолы ізгіліктің іздері»	5 сынып	Ашық сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары	«Әкелер мектебі»	19.02.2024ж
25	«Оян, ар мен адалдық»	5 сынып	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары	Еріктілер клубы	26.02.2024ж



## НАУРЫЗ – ҰЛТТЫҚ САЛТ-ДӘСТҮРДІ ДӘРІПТЕУ айы

- 1 наурыз – Алғыс айту күні
- 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күні
- 21, 22, 23 наурыз – Наурыз мейрамы
- 27 наурыз – Дүниежүзілік театр күні

### Құндылықтар: Талап, Ар-Ұят, Ұлттық мүдде (Отан)

№	Іс-шараның атауы	Мақсатты аудитория (сыныптар)	Ұйымдастыру түрі	Аяқтау нысаны	Білім беру ұйымдарымен бірлесіп жұмыс жасайтын	Мерзімі
26	«Ізгіліктің бір ізі -алғыс айту»	5 сынып	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары		4.03.2024ж
27	«Бәрі де, Ана, бір өзіңнен басталды»	5 сынып	Сыныпсағаты	Сынып сағатының жоспары	Ата аналар мектебі	11.03.2024ж
28	«Ұлттық ойын-ұлт қазынасы» Қартқожа. Жүсіпбек Аймауытов кітап	5 сынып	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары		18.03.2024ж

## СӘУІР – ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МӘДЕНИЕТ айы

➤ 12 сәуір - Ғылым күні

Құндылықтар: Талап, Ар-Ұят, Ұлттық мүдде (Отан)						
№	Іс-шараның атауы	Мақсатты аудитория (сыныптар)	Ұйымдастыру түрі	Аяқтау нысаны	Білім беру ұйымдарымен бірлесіп жұмыс жасайтын	Мерзімі
29	«Нашақорлыққа жол жоқ»	5 сынып	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары		01.04.2024ж
30	«Дұрыс тамақтану»	5 сынып	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары	«Ата аналар мектебі» жобасы	8.04.2024ж
31	«Жеке бас гигиенасы»	5 сынып	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары	Мектеп медбикесі	15.04.2024ж
32	«Дені сау ұрпақ – елдің болашағы»	5 сынып	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары		22.04.2024ж
33	«Экологиялық тәрбие – болашақ кепілі»	5 сынып	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары		29.04.2024ж

## МАМЫР – БЕЙБІТШІЛІК ПЕН ТАТУЛЫҚ АЙЫ

- 1 мамыр-Қазақстан халықтарының бірлігі күні
- 7 мамыр-Отан қорғаушылар күні
- 9 мамыр-Жеңіс күні
- 31 мамыр - Саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күні
- Ақын, жазушы, философ, тарихшы, композитор Шәкәрім Құдайбердіұлының туғанына 165 жыл

### Құндылықтар: Талап, Ар-Ұят, Ұлттық мүдде (Отан)

№	Іс-шараның атауы	Мақсатты аудитория (сыныптар)	Ұйымдастыру түрі	Аяқтау нысаны	Білім беру ұйымдарымен бірлесіп жұмыс жасайтын	Мерзімі
34	«Жеңіс деген шат күлкісібаланың»	5 сынып	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары	«Жеткіншектің жеті жарғысы» жобасы	6.05.2024ж
35	«Халықтың ерлігі ғасырлар бойы өмір сүреді!»	5 сынып	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары	Ата-аналар қоғамының мүшелері	13.05.2014ж

***Т. Жүргенов атындағы жалпы орта білім беретін мектебінің 20233-2024 оқу жылы бойынша 5 «Ә» класының 1-жарты жылдықтағы жасалған тәрбие жұмыстарының есебі***

Оқу жылында 5 «Ә» класы 9 қыз бала, 9 ұл бала барлығы 18 оқушымен басталды.

1 қыркүйек күні оқушылардың бойында патриоттық сезім қалыптастыру мақсатында «Мектеп мейірім мекені» тақырыбында ашық тәрбие сағаты өтті. Білім күні үлкен мереке екенің балаларға жеткізе білу және жас ұрпақты отанын сүйуге, еліміздің рәміздерін қастерлеу үйрету. Слайд арқылы Қазақстанның жетістіктері көрсетіліп, патриот, еңбек деген сөзге оқушылар постер қорғады. Және де қосымша видеоролик қарай отырып, сәйкестендіру тапсырмаларын орындады.

Оқушылардың қоршаған ортаны қадағалау мақсатында «Біздің ауыл, қала, аудан» адалдық тәрбие сағатында, қоршаған ортаға байланысты сұрақтар қойылып, оқушыларды тәрбиелі азамат болуға бауылады.

Балалардың үлкенге құрмет кішіге ізет көрсету, құрметтеу мақсатында «Мейірімділік пен қайырымдылық» тақырыбында тәрбие сағаты өтіп, оқушылар эссе жазды. Оқушылардың білім жолына жетелеу мақсатында ұстаздың қосар үлесі анық.

Балалардың бойына адамгершілік, имандылық қасиеттерді ұялату үшін «Өз құқығыңды білесің бе?» тақырыбында тәрбие сағаты өткізілді.

14.09.2023 ж. Ата – аналар жиналысы өткізілді. Жиналысқа 10 ата-ана қатысты. Жиналыста оқушылардың орта буынға бейімделуі туралы, пәндерге ынтасы мен қызығушылығы, «Мектеп формасы», «мектеп ережесі», «Қауіпсіздік ережелері» туралы мәселелер қозғалды. Ата-аналармен әр түрлі тренингтер мен сауалнамалар жүргізіліп, бейнематериал ұсынылды.

Қазан айында өткен «Қазыналы қарттарымыз аман жүрсін!» атты айлығында, жиын өткізіліп, сыныптарда сағаты өтілді. Сынып «Алтын күз» мерекесіне белсене қатысып ынталандыру мадақтамасына ие болды. Сынып оқушылары мектепшілік іс- шараларға да белсене атсалысып отырады. Атап айтқанда, Жол ережесін білейік, Отбасы күні айлықтарында бейнекөрініс түсіріп әлеуметтік желілерге салып отырды.

Осы орайда «Ұстаз! Сіздің алдыңызда» атты тәрбие сағаты өткізілді. Оқушылар ұстаз мәртебесіне деген құрметін, ұстазға деген ыстық ықыластарын дәйектей отырып, оқушыларға өз ұстаздары туралы сұрақтар қойылып және эссе жазылды.

Оқушылардың сабаққа бейімділіктерін анықтау мақсатында мектеп психологтары сабақтарға қатысып анализ жасап отырды.

Оқушылардың сабаққа қатысуы бойынша арнайы сүзгі дәптері басталған. Медбикемен бірлікте сабаққа қатыспаған оқушы дер кезінде анықталып отырады. Оқу жылының қорытындысы бойынша 5 Ә сыныбында 18 оқушы (9 ұл, 9 қыз). Оқу үздіктері – 3 оқушы, оқу екпінділері – 8 оқушы; білім сапасы 61,1 %.

Сынып жетекшісі  А.Т. Маханова

*Т. Жүргенов атындағы жалпы орта білім беретін мектебінің 20233-2024 оқу жылы бойынша 5 «Ә» класының 2-жарты жылдықтағы жасалған тәрбие жұмыстарының есебі*

5 «Ә» сыныбында оқу жылының басында 18 оқушы: 9 ұл, 9 қыз.

2 жартыжылдықтың басында сыныпта 18 оқушы болды, 3 тоқсанда сыныпта оқу сапасы 50%, 4 тоқсанда 80% болды, бұл академиялық деңгейде сыныптың тұрақтылығын көрсетеді. .

2 жартыжылдықтың қорытындысы бойынша сыныпта 3 үздік оқушы: Ерішова Айару, Саулебаева Еркеназ, Жауғашар Айбатыр. Сыныпта үлгермегендер жоқ. Оқушылардың сабаққа қатысуы жақсы, олар себепсіз сабақтан қалмайды. Оқушылардың сабаққа келмеуі ауру және отбасылық себептерге байланысты. Барлық анықтамалар мен ата-аналардан алынған мәлімдемелер бар.

Сыныптағы оқушылар бос уақытында қосымша білім берумен айналысады, үйірмелер мен спорттық үйірмелерге барады. Футбол спорт секциясына негізінен ұлдар қатысады. Барлық ауылдық және сыныптық іс-шаралардың белсенді қатысушылары бар. «Қазақша күрестен» Жауғашар Айбатыр, Қасен Ғабит үйірмеге қатысып, жүлдегер аттанды. Соны мен қатар Ерішова Айару, Бектұрған Аянат, Амантай Перизат, Абдукаримова Айым, Саулебаева Еркеназ, Сағындық Асқар «Домбыра» бойынша үйірмеден білім алуда. Кентай Айдана мен Төретаева Гулбақыт «Киім үлгілеу» үйірмесіне қатысады.

Жұма күндері сынып сағаты болады. II жартыжылдықта «5-сыныптың үздік оқушысы», «Парасаттылық туралы», «Зиянды әдеттер және олардың денсаулыққа әсері», Жол жүру белгілері және олардың қолданысы, «Мемлекеттік рәміздер – ұлттық мақтаныш» Жеңіс күніне арналған сынып сағаты. Балалар сынып сағаттарын дайындауға және өткізуге ықыласпен қатысты.

Әр жұма сайын сынып оқушыларының өткен аптадағы үлгерімін, сабаққа қатысуын және тәртібін қорытындылайды және келесі аптаның жұмыс жоспарын белгілейді. Сыныпта барлық оқушылардың күнделіктері бар. Апта сайын күнделіктерді сынып жетекшісі тексереді, оқу үлгерімі мен тәртібіне түсініктемелер беріледі.

Отан қорғаушылар күніне арналған сыныптан тыс іс-шаралар екі кезеңде өткізілді:

«Кім мықты турнирі». (Сайыс есебінде– жеке жарыс)

Бәсекелестік және ойын бағдарламасы.

8 наурыз күніне арналған сыныптан тыс іс-шаралар бойынша өткізілді:

«Келіңдер, қыздар!» Сыныптың ұлдары қыздарға керемет көңіл күй сыйлау барысында, қызықты ойындар мен сайыстар ұйымдастары білді.

2 жартыжылдық ішінде балалар пәндік апталықтарда мектепішілік іс-шараларға белсене қатысты: олар математика және орыс тілі бойынша қабырға газеттерін дайындады, пәндік иллюстрациялар салды, сөзжұмбақтарды, ребустар мен хараттарды құрастырып, шешті. Пәндер бойынша түрлі олимпиадаларға қатысты.

Топ құруға көп көңіл бөлініп, түрлі психологиялық тренингтер, тесттер жүргізіліп, іскерлік кеңестер берілді.

Сынып өміріндегі көшбасшылар Ерішова Айару, Саулебаева Еркеназ, Бектұрған Аянат, Сағындық Асқар.

Аз қамтылған отбасылардан шыққан сынып оқушылары оқу жылы бойы тегін тамақпен қамтамасыз етілді.

Ата-аналар жиналысы «Отбасы мен мектеп арасындағы өзара әрекеттестік және өзара түсіністік» тақырыптарында өткізілді. Ата-аналардың 45 пайызы қатысты.

Оқушыларға интеллектуалдық, құқықтық, санитарлық-гигиеналық, эстетикалық, еңбек, экологиялық тәрбие беру жұмыстары жүргізілуде.

Сынып жетекшісі  А. Т. Маханова